

Жылой ауданы бойынша 2012 жылғы тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 1-8 шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 ақпанда № 4-2-166 тіркелді. Күші жойылды - Жылыой аудандық мәслихатының 2013 жылғы 07 ақпандағы № 10-12 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Жылыой аудандық мәслихатының 2013.02.07 № 10-12 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422 бабына сәйкес, аудандық мәслихаттың I сессиясы **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Жылыой ауданы бойынша 2012 жылға тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 24-4 "Жылыой ауданы бойынша 2011 жылға тіркелген салық ставкалары туралы" шешімінің (мемлекеттік тіркеу саны № 4-2-149, 2011 жылғы 31 наурызда № 14 "Кең Жылой" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың I сессиясының төрағасы: *Ү. Жақашев*

Аудандық мәслихат хатшысы: *М. Кенғанов*

Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 1-8 "Жылыой ауданы бойынша 2012 жылға тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне қосымша

2012 жылға тіркелген салық ставкалары

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең төменгі және ең жоғары мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)	Тіркелген салықтың базалық ставкалары 2012 жыл үшін (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3	4

1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1-12	5
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1-18	8
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1-4	1
4.	Ойын жолы	5-83	15
5.	Карт	2-12	7
6.	Бильярд үстелі	3-25	5

Айлық есептік көрсеткіш Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы "2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК